

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін және Шекара академиясын қызметтік жануарлармен жабдықтау нормаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 маусымда № 11302 тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 01.04.2021 № 32/ке (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабы 2-тармағына және "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 14.10.2022 № 71/ке бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін қызметтік жануарлармен жабдықтау нормалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 01.04.2021 № 32/ке (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. ҰҚК Шекара қызметі заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. ҰҚК Шекара қызметі тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен және шегінде қызметтік жануарларды сатып алуды кезең-кезеңімен жүзеге асырсын.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Комитет Төрағасы*

*Н. Әбіқасов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б.Сұлтанов

2015 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін және Шекара академиясын қызметтік жануарлармен жабдықтау нормалары**

**Ескерту.** Нормалары жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 01.04.2021 № 32/ке (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 14.10.2022 № 71/ке бұйрықтарымен.

**1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін және Шекара академиясын жылқылармен жабдықтау нормасы**

Р/с№	Бөлімше атауы	Өлшем бірлігі	Қызметтік жылқы	Оқу жылқысы	Айғыр	Бие (аналық бас)	Құлындар			Үйретілетін жылқы
							1 жасқа дейінгі	2 жасқа дейінгі	3 жасқа дейінгі	
1.	Шекара бөлімі (бөлімшесі)	бас	20	-	-	-	-	-	-	-
2.	Оқу-жаттығу – үйрету кавалериялық тобы (бөлімшесі)	бас	6	-	3	30	30	30	30	30
3.	Шекара академиясы	бас	-	46	-	-	-	-	-	-

**Ескертпелер:**

1. Қызметтік жылқы – Шекара қызметінің мүддесі үшін қолданылатын жылқы.
2. Оқу жылқысы – белгіленген психологиялық және физиологиялық сапасы бар, оқу жүрісінде қолданылатын жылқы
3. Айғыр – асыл тұқымды жылқыны өз төлінен өсіру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды малдың дара аталығы.
4. Бие – асыл тұқымды жылқыны өз төлінен өсіру үшін пайдаланылатын ұрғашы жылқы.
5. Тай-құлындар – 3 жасқа дейінгі жылқы төлі.
6. Үйретілетін жылқы - 3 жастан 5 жасқа дейінгі жастағы бөлімшелерге арналған үйретуден (бастықтырудан), баптаудан өткен жылқылардың санаты.

7. Оқу-жаттығу-үйрету кавалерлік тобы (бөлімшесі) – функциясы асыл тұқымды жылқыларды өсіру, көбейту, үйрету және жылқы қызметінің мамандарын дайындау болып табылатын құрылымдық бөлімше.

8. Жылқының шекті жасы – 15 жыл

## 2-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін және Шекара академиясын иттермен жабдықтау нормасы

Р/с №	Бөлімшелердің атауы	Өлшем бірлігі	Иттер санаты			
			Қызметтік ит	Асыл тұқымды	Саптық	Күшік
1.	Шекара бөлімі (бөлімше)	бас	5	-	-	-
2.	Шекаралық бақылау тобы	бас	6	-	-	-
3.	Күзету бөлімшесі (тобы)	бас	6	-	-	-
4.	Арнайы мақсаттағы ұтқыр іс-қимыл бөлімшесі (тобы)	бас	4	-	-	-
5.	Кинолог мамандарды дайындау бөлімшесі (тобы)	бас	-	-	50	-
6.	Қызметтік иттерді өсіру, көбейту және дайындау бөлімі	бас	-	50	150	150
7.	Шекара академиясы	бас	13	-	-	-

### Ескертпелер:

1. Қызметтік ит – шекаралық кеңістікте құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, белгілеу және жолын кесу, сондай-ақ құқық бұзушыларға дене күшімен, психологиялық, блоктау және өзге де әсер ету мақсатында шекара нарядтарын күшейтуге арналған ит.

2. Асыл тұқымды ит – асыл тұқымды иттерді өз төлінен өсіру үшін пайдаланылатын ит.

3. Саптық ит – арнайы дайындық (жаттықтырылады) курсы өтпеген ит, сонымен қатар іздеу иттердің нұсқаушыларын дайындау бойынша оқу бөлімшелерінде,

жетекшілерді дайындау бойынша жиындарда оқудағы ит, сондай-ақ бөлімшелер жанында жаттықтырылатын ит.

4. Күшік – жасы 6 айға дейінгі жас ит.

5. Иттің шекті жасы – 8 жыл 3 ай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК